

**«8D04101 – Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «NEET-
жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының
тұжырымдамалық негіздері және оны Қазақстанда іске асыру тетіктері»
тақырыбындағы Газизова Майя Ривелевнаның
диссертациялық жұмысына
ғылыми кеңесшінің
ПІКІРІ**

«NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының тұжырымдамалық негіздері және оны Қазақстанда іске асыру тетіктері» тақырыбындағы диссертация жұмыспен қамту, білім беру немесе кәсіптік даярлау саласына қатыспайтын жастардың әлеуметтік және экономикалық инклюзия мәселелерін қамтитын маңызды және өзекті зерттеу болып табылады. Жұмыс осы мәселенің тұжырымдамалық негіздерін терең талдауды қамтиды, сондай-ақ оны Қазақстан контекстінде іске асыру тетіктерін ұсынады.

Зерттеу тақырыбының маңыздылығы NEET-жастар мәселесінің феномен ретіндегі ауқымымен ғана емес, оның әлеуметтік-экономикалық дамуға, ұзақ мерзімді ұлттық әл-ауқатқа және елдің халықаралық аренадағы жаһандық бәсекеге қабілеттілігіне әсерімен де байланысты. Жастар экономикалық және әлеуметтік прогрестің қозғаушы күші, елдің тұрақты және болашақ өркендеуінің негізі бола алатын елеулі ресурс болып табылады. Дегенмен, жастардың осы санатының жеткіліксіз инклюзиясы қоғам мен жалпы экономика үшін жағымсыз салдарларға әкелуі мүмкін.

NEET-жастардың білім беру және еңбек үрдістеріне қатысуы экономикалық өсу мен инновациялық дамуды ынталандыра отырып, неғұрлым білікті және бәсекеге қабілетті жұмыс күшін қалыптастыруға ықпал етеді. NEET-жастардың сәтті инклюзиясы әлеуметтік шиеленісті, кедейлікті және теңсіздікті азайтуға ықпал етеді, бұл тұрақтылықты және инклюзивті қоғамның дамуын қамтамасыз ету үшін маңызды.

Диссертация тақырыбы NEET-жастар мәселелерін зерттеудің өзектілігімен ерекшеленеді. Ұсынылған тұжырымдамалық негіздер мен іске асыру тетіктері мәселенің мәнін түсініп қана қоймай, оны азайту үшін сындарлы шешімдер ұсынуға мүмкіндік береді.

Аталған мәселені зерттеу теориялық және тәжірибелік тұрғыдан маңызды болып табылады, бұл докторлық диссертацияның тақырыбы мен мазмұнды құрамдастарын маңыздылығын анықтайды, демек зерттеудің жаңашылдық бағытын орнатуға мүмкіндік берді.

Диссертацияда қойылған міндеттердің дәйекті түрде орындалуы зерттеудің негізгі кезеңдерін толық көрсетеді және осы ғылыми жұмыстың ішкі қисындылығы мен жүйелілігін көрсетеді. Бұл, өз кезегінде, зерттеудің қорытындылары мен нәтижелерінің сапалы болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді және ол келесілермен байланысты:

- NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының бағыттарын ескере отырып, оның авторлық тұжырымдамасы берілді;

- NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық кеңістігінің себеп-салдарлық байланыстарының категориялық тізбегі негізделіп, NEET-жастардың пайда болу себептерді, оның кеңеюіне ықпал ететін факторларды анықтау негізінде NEET-жастар сегментін түрлеріне авторлық құрылымдау ұсынылды;

- Қазақстандық жастар еңбек нарығына, оның трендтері мен басым бағыттарына кешенді сипаттама беріліп, жастар еңбек нарығының қазіргі заманғы шекаралары негізделді, Қазақстандағы жастардың жұмыспен қамтылуындағы құрылымдық өзгерістерді бағалау негізінде жас қызметкерлердің еңбек қызметін дамыту үшін қолайлы салалар белгіленді;

- Ұлттық бөліністе NEET-жастардың сандық параметрлері нақтыланып, Қазақстандағы NEET-жастардың өңірлік саралануын бағалау мақсатында NEET-жастар мен жастар жұмыссыздығының көрсеткіштерінің кеңістіктік әсері айқындалды; NEET-жастар деңгейі мен жастар жұмыссыздығы үлесінің көрсеткіштерін талдау негізінде NEET-жұмыссыздық басым өңірлер анықталды;

- Әлеуметтік сауалнама негізінде Қазақстандағы NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық портреті анықталып және NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзия стратегиясын әзірлеу үшін жастардың әлеуметтенуіне әсер ететін факторлар анықталды;

- NEET-жастардың білім беру жүйесіне әлеуметтік инклюзиясын, NEET-жастардың еңбек нарығына экономикалық инклюзиясын және денсаулығы бойынша мүмкіндігі шектеулі NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясын ескеріп, NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының үш деңгейлі моделі негізінде іс-шаралар мен басқарушылық шешімдер жүйесін қамтитын Қазақстандағы NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының Жол картасы әзірленді.

Зерттеудің күрделі мәнмәтініне және ауқымды көлеміне қарамастан, автор тақырыпты әзірлеуге дербестік пен шығармашылық көзқарасты қамтитын зерттеушілік дағдыларының жоғары деңгейін көрсете алды. Диссертацияның қорытындылары NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзия тетіктерін жетілдіру үшін теориялық және

эмпирикалық негіз және осы саладағы саясатты одан әрі зерттеу мен әзірлеуге негіз бола алады.


Диссертацияның негізгі ережелері теориялық, әдіснамалық және тәжірибелік тұрғыдан пайдаланылған дереккөздердің едәуір спектрін тарту, зерттеу үрдісінде теориялық ретроспективті талдау, VOSviewer бағдарламасы негізінде библиометриялық талдау, салыстырмалы талдау, NEET-жастар көрсеткішінің аймақтық саралануын статистикалық және эконометрикалық әдістемелермен талдау, кеңістіктік әсерлерді бағалау үшін NEET-жастарды сипаттайтын көрсеткіштердің кеңістіктік автокорреляциясын есептеу негізінде үлгілеу, Smart PLS 3 бағдарламасын пайдалана отырып, оның нәтижелерін құрылымдық теңдеулер және екінші буынның көпөлшемді деректерін талдау әдістерін қолдану арқылы жеткілікті дәлелденген, бұл диссертантқа жұмысты талапқа сай орындауға мүмкіндік берді.

М.Р. Газизованың «NEET-жастардың әлеуметтік-экономикалық инклюзиясының тұжырымдамалық негіздері және оны Қазақстанда іске асыру тетіктері» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуі ғылыми жаңалығы мен тәжірибелік маңыздылығы бар логикалық аяқталған, диссертацияға қойылатын талаптарға жауап беретін ғылыми жұмыс, бұл оны «8D04101 – Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынуға мүмкіндік береді деп санаймын.

Ғылыми кеңесші,
С.Сейфуллин атындағы Қазақ
агротехникалық зерттеу университетінің
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру
институтының директоры,
э.ғ.к., профессор



Ж.С.Хусаинова



«Сәкен Сейфуллин атындағы
Қазақ агротехникалық зерттеу университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы
Білім беру институтының
Ғылыми департаменті
22.04.2024